

ШҮРЛҮ ЖОЛ

1991 жылдың 10 январынан шыға бастады

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлиси Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлиси Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті

№4 (3269), сенбі,
11 январь, 2025 жыл

ЖАНДЫ ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сенаттың Жастар, әйелдер, мәдениет және спорт мәселелері комитетінің кезекті жиналысы өтті. Онда “Өзбекстан Республикасының кейбір заңнамалық құжаттарына жанды орындау өнерін одан әрі дамытуға бағытталған өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы” Заңы талқыланды.

Жиналысқа сенаторлар, министрлік пен кеңселердің жауапты тұлғалары, сарапшылар, сондай-ақ жергілікті Кеңестердің Жастар саясаты, мәдениет және спорт мәселелерінің комиссиялары мен Жастар парламентінің мүшелері қатысты.

Айтылғанындай, осы Заң арқылы Мәдениет министрлігінің жанды орындау өнерін дамыту, әртістерді, шығармашыл адамдар мен орындаушыларды қолдау бойынша бірқатар өкілеттері анықталды.

Атап айтқанда, Заң арқылы шараларды ұйымдастыру мен өткізуде жанды орындау немесе фонограмманы қолдану формасы мен деңгейін нақты белгілеу, орындаушылардың фонограмманы авторлық шығармаларды пайдалану бойынша қолданыстағы заңнаманы сақтауларын мониторинг-леу, сондай-ақ ұлттық өнер мен мәдениеттің беделін арттыруға қызмет ететін шығармашылық тұлғаларды қолдау бойынша іс-шараларды жүзеге асыру қарастырылады.

Сонымен қатар фонограмманы пайдалану деңгейі туралы ақпарат беру тәртібі, концерттік-сауықтыру іс-шара-

сының бағдарламасында орындаушылар мен шығарма авторларының нақты көрсетілуі міндеттілігі және концерттік-сауықтыру шарасының жарнамасында фонограмманы пайдалану деңгейі туралы ақпарат жалпы жарнама алаңының (көлемінің) кемінде он пайызын құрауы туралы қосымша мен өзгерістер енгізілуде.

Сондай-ақ концерттік-сауықтыру іс-шараларында музыкалық және өзге де шығармаларды орындауда фонограмманы пайдалану деңгейіне қарай орындаушылардың орындау тәсілдері белгіленуде.

Аталған Заңның қабылдануы концерттік-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру тиімділігін арттыруға, жанды орындау өнерін дамытуға, дарынды орындаушыларды қолдауға, жанды орындауды ынталандырудың жаңа механизмдерін енгізуге ықпал етеді.

Жиналыс соңында Комитеттің тиісті қаулысы қабылданды.

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлиси Сенатының Ақпарат қызметі.

ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ АРҚЫЛЫ ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мемлекет басшысы Шавкат Мирзиязев тарапынан алға тартылған стратегиялық жоспарларға сәйкес, елімізде макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, инвестициялық тартымдылықты арттыру, “Жасыл экономикаға” өту, ауыл шаруашылығында өнімділікті арттыру, цифрлы технологияларды, сыртқы және ішкі туризмді, сондай-ақ аумақтарды кешенді түрде дамыту мақсат етіп алынған. Бұл бүгінгі таңның талабы екені табиғи жайт.

“Өзбекстан — 2030” стратегиясының жүзеге асырылуына қатысты мемлекеттік бағдарламада маңызды міндеттер белгіленген. Тұрақты экономикалық өсу арқылы халықтың әл-ауқаттылығын қамтамасыз ету бағытында да өткен кезең барысында елімізде бірқатар міндеттер атқарылды. Атап айтқанда, Мемлекеттік бағдарламаның орындалуы бойынша “Ашық бюджет” ақпарат порталында Бастамалы бюджет үдерістерінде дауыс беруде “Бір азамат бір дауыс” қағидаты толығымен жолға қойылды.

Экономика және қаржы министрлігінің ресми веб-сайтында Мемлекет қаржысы статистикасының бөлімі ашылды. Аталмыш бөлімде жұртшылық үшін бюджет үдерісіне тиісті қаржылық статистикалық, сараптамалық мәліметтерді орналастырылып отыру жолға қойылды. Сондай-ақ ауқымды экономикалық реформалар жүргізілді, бүгінде олар өзінің нәтижесін беруде.

Елімізде цифрлы технологияларды дамыта отырып, мемлекетті “IT-HUB-қа” айналдыру мақсат етілген. Бұл орайда Кеден туралы заңдылықты бұзу жағдайларына шек қоюға және олардың алдын алуға бағытталған “Кедендік ереже бұзылуы” ақпарат жүйесі жасалды.

Бұлардың қатарында халықаралық курьерлік жөнелгімдердің есебін жүргізуге бағытталған “Курьерлік жөнелгімдер” ақпарат жүйесі енгізілгенін де айта кеткен жөн.

Өзбекстанда сыртқы және ішкі туризмді дамыту бойынша шетелдік туристердің санын 10,5 миллионға, туризм қызметі экспортын 3,5 миллиард долларға, атап айт-

қанда, медицина және білім беру туризмі экспортын жылына 200 миллион долларға жеткізуге назар аударылған. Бұдан тыс, ішкі туристер санын 21 миллионға, зиярат туризмі бойынша келетін туристердің санын 1,5 миллионға жеткізу, “Конақүй — транспорт — туроператор — сауда және сервис” кәсіпорындары кооперациясы негізінде қызмет ететін 4 ірі туризм кластерін ұйымдастыру және жекеменшік инвестицияларды жұмылдырудың есебіне аумақтарда 600 орналастыру құралын ұйымдастыру көзделген.

Аумақтарды кешенді түрде дамыту, урбанизациялау стратегиясын жүзеге асыру, тұрғындарды арзан үймен қамтамасыз ету деңгейін арттыру да еліміздегі маңызды мәселелердің бірі. Осы орайда тұрғындар пунктерінің басты жоспарын жасау, урбанизациялау үдерістерін жеделдету, “Жаңа Өзбекстан” массивтерінің санын 45 мыңға және тұрғын үй құрылысын 80 мыңға жеткізу, көпбөлімді үйлерді, сондай-ақ жылжымайтын мүлік нысандарының үлес енгізу негізінде құрылуын реттейтін заңдылық негіздерін қалыптастыру сияқты маңызды мәселелер алға тартылууда.

Сонымен қатар тұрғындарға қолайлы жағдай жасау, ипотека несиелері арқылы азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету, сондай-ақ қоғамдық көліктерді жақсарту бойынша жүйелі істер атқарылды. Мұның дәлелі ретінде азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында Өзбекстан Республикасы Президентінің “2024 жылғы ипотека несиелерін бөлу механизмдерін жетілдіру және азаматтардың тұрғын үй жағдайын жақсартуға қатысты қосымша іс-шара-



лар туралы” жарлығының қабылданғанын тілге тиек еткен орынды. Жарлықпен базар қағидаттарына негізделген ипотека несиелері арқылы тұрғын үймен қамтамасыз ету бағдарламасы негізінде аумақтарда 100 мың дана пәтерден тұратын көпқабатты тұрғын үй құрылуы, құрылыс ұйымдарына бөлінген несиелер бойынша өтемақы және кепілдіктер ұсынылуы, көпқабатты тұрғын үйлерді құру үдерісіне “жасыл” тұрғын үй стандарттарының енгізілуі белгіленді.

Бұдан тыс, осы мақсаттарда ипотека несиелерін қаржыландыруға кемінде 17 триллион сумдық қаржы бағытталуы, сондай-ақ кембағалдықтан шығару бағдарламасына енгізілген және тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж тұлғаларға жеке түрдегі тұрғын үй құру, қайта жөндеу үшін 120 миллион сумға дейінгі ипотека несиелерінің бөлінуі сынды міндеттер көзделіп отыр.

Тұрғындарға жасалатын жағдайлардың қатарына қоғамдық көліктерді жақсарту мәселесі де енгізіліп, бұл орайда алдымен “Қоғамдық көліктерді басқарудың интеллектуалдық жүйесі” жасалды. Яғни онда қоғамдық автобустардың қозғалыс нүктесін бақылау, автобустардағы “SOS” сигналына хабардар болу, бейнекамералардағы түсірілімдерді онлайн түрде көру, арнаулы құрылғылар арқылы жолаушылар ағымы мен жүргізушілердің қызметін бақылау, ереже бұзылу жағдайларын жинап отыру, тағы басқа да мүмкіндіктер жасалды.

Ал Әндіжан, Самарқанд, Наманган, Қаршы және Үргеніш қалаларында автоматтандырылған диспетчерлік қызметін қамтитын “Жолаушы тасымалдауды мониторинг-леу және бақылау” мемлекеттік мекемесі ашылды. Осы аумақтарда автоматтандырылған төлем жүйесі жолға қойылып, жолақысын электронды түрде төлеу мүмкіндігі жасалды.

Сонымен қатар тұрғындардың қажеттілігін ескере отырып, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын цифрландыру мәселесіне де баса назар аударылды. Соның ішінде “Менің үйім” Биллинг жүйесі жасалды. Осы жүйеде көпқабатты тұрғын үйлердің басқару сервистік компаниялары, табиғи газ, электр энергиясы, жылумен қамтамасыз ету, ауысу және ақаба су, сондай-ақ тұрмыстық қалдықтарды шығару қызметтері сынды коммуналдық төлемдер туралы мәліметтер бір жүйеге топтастырылды. Ал бұл, тұрғындарға коммуналдық төлемдерді онлайн түрде төлеу, төлемдер туралы мәліметтерді мониторинг-леу сынды жетілдіктерді береді.

Жоғарыдағы сынды міндеттердің атқарылуы мемлекет экономикасының өсуіне, сондай-ақ тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға, еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттыруға, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге негіз болуда. Себебі әрбір реформаның астарында адам мүддесіне қызмет ету мақсаты тұрады.

Көзқарас

ЖАҢАРУЛАР ЖАҢА БЕЛЕСКЕ ҮНДЕЙДІ

Иә, Жаңа жыл келгенде қай адамның болсын көңілі шаттыққа толып, ерекше бір күйге бөленетіні, жүрегі жылулыққа толып, маңайындағыларға сыйлық тарту еткісі, жақсылық жасағысы келіп тұратыны белгілі. Бұл күн осынысымен де ғажайып мереке саналады. Демек адамдардың жанын жақсылыққа, пейілін ізгі істерге жетелейін сиқыры бар мерекеден, Жаңа жылдан жаңа бақыт, жаңа өзгерістерді күте отырып ескі жылдағы жетістіктерімізге, республикада жасалған реформаларға баға беру арқылы ой түйіп көрейік.

Жаңа жыл түні эфирден берілген мемлекетіміз басшысының мерекелік құттықтауын тыңдап отырып, көз алдымынан соңғы жылдарда жүзеге асырылған жаңарулар, реформалар, жаңа бастамалар өтті.

Өлкеміздің гүлдеп-жайнаған шырайын көріп, адам қадірін ұлықтайтын реформалардан жүрегім қуанышқа, мақтаншасқа толып, көңілім тасыды.

Көпұлтты Отанымыз бүгін әлем қауымдастығында өз орнына, өз дауысы мен абыройына ие болды. Әсіресе, қорытындыланған жыл мемлекетіміз және халқымыз үшін берекелі, едәуір салмақты жетістіктерге бай болды. Бұлардың барлығына, Президентіміз айтқандай, “енбекқор халқымыздың жанқийер еңбегімен, саяси-әлеуметтік белсенділігімен” қол жеткізді, десек артық айтқандық емес.

Шынында да, өткен жыл барысындағы өзгерулерді сезбеудің, көре тұрып көрмеуге алудың лаңжы жоқ. Республикамыз бойлап жоғары технологиялы жаңа сауда, жаңа өнеркәсіп кешендері, инфрақұрылым және логистика тармақтары, автомобиль және теміржолдардың, Ташкент Ситидің құрылғаны, туризм және IT салаларының дәйекті дамып жатқаны, мыңдаған үйлер салынып, балабақша-мектептердің, жоғары оқу орындарының, мәдениет және спорт орындарының бой көтергені, білімді, жігерлі жастарымыздың үлкен жетістіктерге қол жеткізіп жатқаны, әсіресе, Олимпиада, Паралимпиада ойындарындағы рекордтық нәтижелер ұлттық спортымыздың тарихында жаңа бет ашқан жарқын көрініс болды.

Еліміздің күн сайын көркейіп, абат мекенге айналып бара жатқаны, негізгісі, адамдардың жүрегінде, сана-

сында келешекке деген сенімнің пайда болғаны, ал адал еңбек пен кәсіпкерлік әл-ауқатты өмір сүрудің кепілі екеніне сенім артып жатқаны біздің халқымыздың үлкен жетістігі. Бұл жетістіктерге тоғат тұтпай, бұдан да биік белестерді бағындыруда талмай еңбек етуіміз, игі істерді жалғастыруымыз, алға қойылған мақсаттарды, ізгі жоспарларды ауызбіршілікпен, ынтымақпен жүзеге асыруға бел байлауымыз керек. Мемлекетіміз басшысы бұл орында үстем міндеттеріміз нелерден тұратыны туралы өз пікірлерін айтты. Өйткені “Қоршаған ортаны қорғау және “жасыл” экономика жылы” деп атау берілген 2025 жылда адам мен табиғат тепе-теңдігіне негізделген жүйе жарату, бизнес үшін одан да кен мүмкіндіктер есігін ашу, жеке мүлікке қол сұқпауды қамтамасыз ету, шетелдік инвестицияларды белсенді тарту істерін қатаң жалғастыру негізгі мақсаттарымыз саналады, деді ол.

Сонымен қатар перзенттеріміздің заманалық білім алуларына және кәсіп-өнер иесі болуларына назар аударылып, ғылым, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және өнер, спорт салалары дамытылып жатқаны да тілге тиек етілді.

Қорыта айтқанда, “Адам қадірі үшін, адам бақыты үшін!” деген ізгі идеяны алға тартып отырған мемлекетіміз басшылығы еліміздің дамыған мемлекеттер қатарынан орын алып, азаматтарымыздың болашақта әл-ауқатты, бақытты жасауын көздеп отыр. Бұл бағытта баршамыз еліміздің өркендеуіне өз үлесімізді қосуға міндеттіндей.

**Жұмагүл ӨЛІМБЕКОВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.**

ОТАН – ҒАЗИЗ, ЕРЛІК – МӘҢГІЛІК



Берімізге белгілі, жуырда Өзбекстан Журналистер одағының, Өзбекстан Жазушылар бірлестігінің, сондай-ақ бірқатар ұйымдардың ынтымақтастығында “Отан – ғазиз, ерлік – мәңгілік!” республикалық байқауы жарияланған болатын. Соған орай, кеше Жастар істері агенттігінің ғимаратында аталмыш байқаудың қорытындысы мен жеңімпаздарды салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің 33 жылдығына, сондай-ақ 14 январь — Отан қорғаушылары күні мерекелік шаралары аясында өткізілген байқаудың марапаттау рәсіміне жұртшылық өкілдері, орталық бұқа-

ралық ақпарат орталықтарының қызметкерлері, медиа құрылымдардың қызметкерлері, сондай-ақ ақын-жазушылар қатысты.

Шарада “Отан — ғазиз, ерлік — мәңгілік!” республикалық байқауы комитетінің төраға-

сы, Өзбекстан Журналистері бірлестігінің төрағасы міндетін атқарушысы Х.Салимов, мемлекет басшысының 2024 жылғы 12 декабрьдегі “Өзбекстан Республикасы Қарулы күштерінің 33 жылдығы, сондай-ақ Отан қорғаушылары күні мейрамына дайындық жасау және оны жоғары деңгейде өткізу туралы” жарлығының орындалуы аясында ұйымдастырылған осы байқау бойынша жан-жақты мәліметтер берді.

Шарада байқауға ұсынылған материалдарда “Жаңа Өзбекстан армиясы — мемлекеттің тірегі, халықтың мақтанышы!” деген ізгі идея көрініс тауып, жаңа Өзбекстанды құруда тыныштықтың маңыздылығы, “Халық және армия — бір тән мен жан!” қағидаты күнделікті өмірде тұрақтылық жатқаны, шекаралардың мызғымастығын, еліміз егемендігін сақтау, Қарулы Күштердің жауынгерлік әлеуетін күшейту, үнемі сергек болып жасауға жұмылдыру сынды тақырыптар жазылғаны тілге тиек етілді.

Байқауға жүзден астам журналист ақын-жазушы қатысты. Қазылар алқасының қорытындысына орай, БАК өкілдерінің журналистикалық материалдары — телерадио, жазба басылымдар мен интернет журналистикасы, сондай-ақ ақын-жазушылардың әдеби көркем шығармалары бойынша 8 шығармагер жеңімпаз атанды.

Шарада жеңімпаздарға ұйымдастырушылардың арнаулы диплом және сыйлықтары салтанатты түрде тапсырылды.

Қарулы күштер ӘН және би ансамблі өнерпаздарының концерттік қойылымдары мерекелік шараның көркінін одан әрі аша түсті.

**Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.**

Кәсіпкер — ел тірегі

ЖАҢА РЕНЕССАНСҚА ҚАРАЙ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚАДАМДАР

Өзбекстан Республикасы Президентінің кәсіпкерлермен кездесуі елдің экономикалық саясатының басым бағыттарын, кәсіпкерлік қызметті дамытудағы ауқымды реформалар мен жаңа дәуір мүмкіндіктерін ашық көрсетті. Бұл кездесу тек іскерлермен диалог ғана емес, экономикалық дамудың жаңа қырларын айқындаған маңызды шара ретінде үлкен маңызға ие.

Өзбекстанда кәсіпкерлікті қолдау тек экономикалық даму ғана емес, халықтың әл-ауқатын арттырудың да маңызды факторы болып табылады. Осы саланы ынталандыру мақсатында қабылданған 5 заң, 100-ден астам жарлық пен қаулы қазіргі заманғы басқару механизмдерін қалыптастырды.

Әсіресе, кәсіпорындардың банк активтері 20 триллион сумға өсіп, халықтың депозиттері 105 триллион сумға жеткені елдің экономикалық жүйесінің берік негіздерге сүйенетінін көрсетеді.

Энергетика саласындағы реформалар, оның ішінде “жасыл” энергияны енгізу және электр қуатының бәсекеге қабілетті нарығын құру бағытындағы шаралар Өзбекстан экономикасының үздіксіз дамуын қамтамасыз етеді. Энергетикалық қуаттарды кеңейтуге арналған 6,3 миллиард доллар көлеміндегі инвестиция саланың болашақ жетістіктерінің кепілі болып табылады. Бұл тек тұрақты энергиямен қамтамасыз етуді ғана емес, кәсіпкерлер үшін энергия шығындарын азайту мүмкіндігін де береді. “Жасыл” технологиялардың дамуы инвестициялық ортаны жақсартуға ықпал етеді.

Президент салық саясатын жетілдіру, атап айтқанда, жекеменшік мектептер мен

IT саласы үшін жеңілдіктер мерзімін ұзарту шараларының маңыздылығын атап өткен еді. Бұл шаралар кәсіпкерлік ортаға қолайлы жағдай жасап қана қоймай, өндіріс көлемін кеңейтуге қосымша мүмкіндік береді. Салық жүйесінің тұрақтылығы тек кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай туғызумен шектелмей, өндірісті ұлғайту мен жаңа инвестицияларды тартуда шешуші рөл атқарады. Ұсынылған салық жеңілдіктері, әсіресе, жаңа технологиялар енгізілетін салаларда инвестиция ағынын ынталандырады.

Жеміс-көкөніс экспортын 3,5 миллиард долларға жеткізу жоспары ауыл шаруашылығы саласындағы өндірушілер үшін жаңа базар мүмкіндіктерін ашады. Сонымен қатар қайта өңдеу деңгейін арттыру арқылы жергілікті өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігі қамтамасыз етіледі.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу деңгейін арттыру және сыртқы базарға шығу мүмкіндіктерін кеңейту тек өндірушілер үшін ғана емес, бүкіл экономика үшін он нәтижелер әкеледі.

Сұхбат барысында елімізде 142 “чемпион” кәсіпорын құрылғаны атап өтілді. Бұл кәсіпорындар ел экономикасының локомотиві ретінде жаңа технологиялар мен нарықтарға бағытталған жобаларды жүзеге асы-

ру арқылы елді жаңа деңгейге көтеруге өз үлесін қосуда.

Президент кембағалдық деңгейін 9 пайыздан 6 пайызға төмендету мақсатында кәсіпкерлерді әлеуметтік мәселелерді шешуге белсенді қатысуға шақырды. Осы бағытта жаңа жұмыс орындарын ашуға арналған бірқатар бастамалар әзірленуде. Кедейлікті қысқарту бойынша кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру тек экономикалық қана емес, әлеуметтік тұрақтылыққа да қызмет етеді. Мұндай бастамалар қоғамдағы әлеуметтік тәртіп пен ынтымақтастықты нығайтады.

Кездесуде талқыланған әрбір мәселе кәсіпкерлердің ұлттық экономикадағы маңызды рөлін тағы бір рет дәлелдеді. Заманауи технологияларды енгізу, жаңа нарықтарды игеру, өндірісті кеңейту және халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуда кәсіпкерлік қозғалыстың басымдығы айқындалды.

Мұндай кездесулер мемлекет пен жекеменшік сектор арасындағы сенімді серіктестікті нығайтады. Кәсіпкерлікті қолдау экономикамыздың тұрақты әрі инновациялық дамуына негіз болып, жаңа Өзбекстанның өркендеуінде ерекше орын алады.

Президенттің ұсынған бастамалары Өзбекстанды жаңа Ренессанс кезеңіне жетелейтін стратегиялық қадамдар болып табылады. Кәсіпкерлік саласындағы тұрақты реформалар, энергетика мен инфрақұрылымды дамыту, экспортты кеңейту және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған шаралар ел экономикасының ғана емес, қоғамның әрбір саласында он өзгерістерге жол ашады.

Кәсіпкерлермен тұрақты диалог және оларды қолдау елдің экономикасын инновациялық әрі тұрақты дамытуда шешуші мәнге ие. Бұл бастамалардың жүзеге асырылуы Өзбекстанның халықаралық экономикалық аренадағы беделін одан әрі нығайтады.

Нодир ЖУМАЕВ, Олий Мажлис Заң шығару палатасының Ғылым, білім, мәдениет, спорт және жастар мәселелері комитетінің төрағасы, экономика ғылымдарының докторы, профессор.



ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСТАР

Өзбекстан соңғы жылдары энергетика саласын дамытуда үлкен қадамдар жасап, аймақтық және жаһандық деңгейде маңызды нәтижелерге қол жеткізуде. Елдің бұл бағыттағы басты мақсаты — энергия көздерін ырықтандыру, әртарапандыру, жаңартылатын энергияны пайдалану үлесін арттыру және энергия тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталуда.

Өзбекстанның табиғи ресурстары мол болғанымен, өкімет жасыл энергия көздеріне ерекше көңіл бөліп келеді. Мысалы, күн энергетикасын дамыту арқылы ірі жобалар іске асырылуда. 2024 жылда Қарақалпақстан мен Бұхара облыстарында бірнеше ірі күн электр станциялары салынды, олар жылына жүздеген мегаватт энергия өндіруде. Бұл жобалар көмірқышқыл газының шығаруын азайтып, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Елімізде жел энергетикасы да ерекше қарқынмен дамып жатыр. Науаи және Қашқадария облыстары-

да жел электр станцияларының құрылысы белсенді жүргізілуде. Жел энергиясын пайдалану Өзбекстанға энергияның экологиялық таза көздерін дамытуға және сыртқы базарға экспорттау әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Биогаз өндірісі ауыл шаруашылығы саласында өз орнын табуда. Мәселен, ауылдық жерлерде органикалық қалдықтарды қайта өңдеу арқылы энергия мен тыңайтқыштар өндірісі жүзеге асырылуда. Бұл ауыл шаруашылығын қолдауға ғана емес, экологиялық мәселелерді шешуге де көмектесуде.

Қазба отындарын пайдалану тиімділігін арттыру бо-

йынша да маңызды жұмыстар жүргізілуде. Мұнай мен газ өндіру саласында заманауи технологияларды енгізу арқылы өндіріс шығындары азайып, энергия тиімділігі арттырылуда. Сонымен қатар Ташкент қаласы мен басқа да ірі қалаларда энергия үнемдеу бағдарламалары қолға алынууда. Жаңа “ақылды” ғимараттар мен инфрақұрылымдар электр қуатын тиімді пайдаланып, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруда.

Жалпы алғанда, Өзбекстанның энергетика саласындағы жетістіктері халықаралық қауымдастықтың назарын аударып отыр. Еліміз 2030 жылға дейін жасыл энергия көздерін пайдалану үлесін 25 пайызға жеткізуді жоспарлауда. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін шетелдік инвестициялар тартылып, халықаралық серіктестіктер орнатылуда.

Энергетика саласындағы осы жетістіктер Өзбекстанның тұрақты дамуына үлес қосып, экологиялық және экономикалық тиімділікті арттырып қана қоймай, болашақ ұрпақ үшін жасыл экономика негіздерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Ізгі бастама

ӘЛІШЕР НАУАИ ЖЫЛЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

2025 жыл — Науаи облысында Әлішер Науаи жылы деп жарияланды. Бұл бастама ұлы ойшылдың мұрасын дәріптеп, оның адамзаттық және гуманистік идеяларын қоғам игілігі үшін пайдалану мақсатын көздейді. Әсіресе, мемлекеттік қызметкерлер үшін Науаидың гуманистік көзқарастары бүгінгі күні ерекше маңызды.

Әлішер Науаи — адамгершілік пен әділеттіліктің рәмізі. Ол өз шығармаларында қоғамның дамуы үшін билік өкілдерінің адал, әділ және мейірімді болуын баса айтқан. Науаидың ойынша, елді басқарушы халықтың мұн-мұқтажын түсініп, олардың игілігі үшін қызмет етуге міндетті. Оның “Хайрат ул-аброр” шығармасы биліктегі жауапкершілік пен әділеттілікке негізделген ұстанымдардың айқын көрінісі болып табылады.

Бүгінде Науаи идеялары мемлекеттік қызметкерлер үшін моральдық-этикалық бағдар бола алады. Мемлекеттік қызмет халыққа жақын болуды, әр адамның мәселесіне мейірімділікпен қарауды талап етеді. Сонымен қатар

бұл салада білім мен тәжірибені жетілдіру маңызды. Науаидың “Білімге ұмтылу — адамның басты міндеті” деген пікірі қазіргі заман талабымен толық үндеседі.

Жыл аясында Әлішер Науаи шығармашылық мұрасын насихаттау, оның шығармаларында көтерілген ізгі адамзаттық идеяларды жастар мен кең жұртшылыққа жеткізу, білім беру мекемелерінде, махалла және ауылдық азаматтар жиындарында Науаитану кештерін ұйымдастыру жөніндегі мақсатты “Жол картасы” Науаи облысы әкімі Н.Турсунов тарапынан бекітіліп, февраль айынан бастап жүйелі іс-шаралар жүргізу жоспарланған. Олардың қатарында облыстағы барлық кәсіпорын, ұйымдар мен

мекемелердің “Руханият бөлмелерінде” Әлішер Науаидың шығармашылығына қатысты мәліметтер мен кітаптар жинағын, ал әр мекемеде жоғары деңгейде “Руханият сағаты” оқу-сабақтарын ұйымдастыру жоспарланған. Танымал жазушы-ақындармен кездесулер, “Науаитану” кештерін ұйымдастыру, ауылдық азаматтар жиындарында халық пен жастардың қатысуымен Әлішер Науаидың ғазалдары негізінде “Руханият үні” мақам кештерін өткізуге баса назар аударылады. Ел Тәуелсіздігінің отыз төрт жылдығына орай облыстағы барлық махалла, ауылдық азаматтар жиындарында “Махаллада Науаи күні” атты рухани-танымдық, мәдени іс-шаралар өткізу қарастырылған. Бұл бастамалар Науаидың адамгершілік құндылықтарын қоғамға кеңінен танытуға мүмкіндік береді.

Әлішер Науаи шығармашылығындағы көркем идеялар тек әдебиет пен тарих мұрасы ғана емес, бүгінгі қоғамның дамуына үлес қосатын құндылықтар жиынтығы. Науаи жылы — рухани жаңғыру мен әділетті қоғам қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Мемлекеттік қызметкер-

лердің бұл идеяларды басшылыққа алуы халықтың сенімін нығайтып, елдің дамуына ықпал ететіні сөзсіз.

Науаи жылын атап өту аясында әрқайсысымыз оның мұрасын насихаттау мен адамгершілік құндылықтарды қоғамда насихаттау ісіне белсене атсалысуымыз қажет. Әсіресе, мемлекеттік қызметкерлер ретінде біз Науаи идеяларын өз жұмысымызда жүзеге асырып, әділеттік пен мейірімділік ұстанымдарын қадғидат ретінде бойынсызға дарытуымыз маңызды. Сондықтан барлық азаматтар мен мемлекеттік қызметкерлерді Науаи мұрасын тереңірек зерттеп, оның рухани және гуманистік көзқарастарын кенінен насихаттауға, ұйымдастырылатын шараларға белсене қатысуға шақырамыз. Бұл бастамалар арқылы біз әділетті қоғам құру жолында өзіміздің жауапкершілігімізді сезініп, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға үлес қосамыз.

Ескендір ЖАҚСЫЛЫҚҰЛЫ, Республикалық Руханият және ағарту орталығының Тамды аудандық бөлімшесінің бас маманы.

Адам қадірі үшін

ХАЛҚЫМЫЗ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Еліміздегі шалғай елді мекен тұрғындарын жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, атап айтқанда, Тамды ауданында тұратын жұмыссыз азаматтардың мәселелерін шешу, олардың жақсы өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау, оларға жан-жақты көмек көрсету бүгінгі күннің басты назарында.

Өзбекстан Республикасы Президентінің “Кедейшілдікті азайту және халықтың әл-ауқатын арттыру шараларын қарастыру іс-шаралары туралы” жарлығының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында ауылдардағы жұмыссыз азаматтар мәселесі сала мамандары жағынан жіті үйренілді. “Кедейліктен әл-ауқаттыққа” бағдарламасы аясында ауданда Орталық тау-кен басқармасы басшылығы мен Тамды ауданы әкімшілігінің жауапты қызметкерлері ашықтық пен жариялық негізінде жұмысшыларды қабылдаудың ашық байқауын ұйымдастырды.

Байқауға ауданның “Ақтау”, “Аяққұдық”, “Керегетау”, “Керіз”, “Сөкетті”, “Тамдыбұлақ”, “Шиелі”, “Шарқ” ауылдық азаматтар жиынынан 200-ден астам өкіл қатысты.

Байқау қорытындысы бойынша тау-кен

басқармасының бөлімдерінде жөндеу слесарі, конвейер және диірмен машинистері, газбен дәнекерлеуші, автомобиль жүргізушісі, жабдықты жөндеуші слесарь, электр жабдыктарына қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электромонтер мамандықтар бойынша бос орындарға 35 ауыл азаматы жұмысқа қабылданды.

— Конвейер мамандығы бойынша арнайы оқу орталығында білім алғанына қарамастан, ұзақ уақыт жұмыссыз жүрдім. Бұл байқауға қатысып, комбинатта жұмысқа орналастым. Алдағы уақытта табыс тауып, отбасыма адал еңбегіммен өз үлесімді қоспақпын, — дейді тамдылық Мұқан Кенжебеков.

Г.НАРЫНБЕТОВА, “Нұрлы жолдың” тілшісі.

Семинар

СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ТРЕНИНГ

Өткен жылғы 23-27 декабрь күндері аралығында Ташкент қаласындағы Халықаралық Нордик университетінде “Педагогика”, “Экономика және бизнесті басқару” кафедраларының ұйымдастыруымен университет мұғалімдері мен магистрлердің білім беру жүйесіндегі сабақтастықты қамтамасыз етуге арналған жаңартылған білім мазмұнымен ұштастыру бойынша тәжірибе алмасу семинар-тренингі өткізілді.

Семинар-тренингті ұйымдастыруда “Педагогика” бөлімінің меңгерушісі Дилфаруз Миралиева мен “Педагогика” бөлімінің доценті Дилфуза Файзуллаева-

лар мұрындық болды. Онда сабақта қолданылатын шығармашылық ойлауды дамытудың әдіс-тәсілдері, Санаген пікірлеу, Интербелсенді оқытудың әдіс-

тәсілдері, сондай-ақ сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдістері, Блум таксономиясы секілді инновациялық әдіс-тәсілдер мен әртүрлі ақпараттық-коммуникативтік құралдарды, көрнекіліктерді қолдана отырып сабақты тиімді өткізу бойынша қатысушыларға үлгі сабақ көрсетілді.

Бұл іс-шараның басты мақсаты — аталмыш жоғары оқу орнындағы оқытушыларға әдістемелік көмек көрсету, қала берсе, бұл әдістерді амалда қолдана білуге, шығармашылық ойлауға, сыни көзқарас қалыптастыруға және қазіргі заманның күрделі мәселелеріне тиімді шешімдер табуға үйрету жолдарын таба білу болды. Семинардың негізгі бағыты — сыни ойлау дағдыларын дамы-

ту және оларды оқу үрдісінде қолдану. Семинардың ұйымдастырылуы мен мазмұны, қай магистр қандай тақырыпта семинар-сабақ өтуі бірнеше күн ілгері жоспарланды. Семинар-тренинг бірнеше бөлімнен тұрды, оның ішінде практикалық сабақтар болып, сондай-ақ топтық жұмыстар мен пікірталастар қамтылды. Магистр тренерлер сыни тұрғыдан ойлау әдісінің маңызы мен оның тиімді қолдану жолдары туралы әдістерін ұсынды. Сонымен қатар қатысушылар топқа бөлініп, түрлі жағдайлар бойынша шешімдер қабылдау дағдыларын дамыту үшін арнайы тапсырмаларды орындады. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз — ақпаратты терең түсініп, оған негізделген дұрыс шешімдер

қабылдау қабілеті. Семинар барысында қатысушылар сыни ойлаудың негізгі қағидаттары мен әдістері туралы теориялық білім алды.

Сабақ әдістері өзбек жазушысы Өткір Хашимовтың “Соғыстың соңғы құрбаны” шығармасы негізінде үйренілді. Ең өзекті мәселелердің бірі экология мен табиғаттағы мәселелер тақырыбында да “Ойлаудың алты қалпағы” әдісі негізінде талқыланды.

Семинар-тренингте тәжірибе алмасып қана қоймай, жазушы шығармасына арқау болған сұм соғыстың салдары туралы да ой қозғалды. Сыни тұрғыдан ойлау әдістерінен: “Блум түймедағы”, “Блум кубигі”, “Синквейн”, “Т сызба”, “Данышпан үкілер”, “Ақылдың

алты қалпағы”, “Балық скелеті” сынды әдістермен жұмыс жасалса, пысықтауға арналған бөлімінде “Тарсия” мен “Домино” ойындарын ойнатып қорытындылады. Қатысушы мұғалімдердің кері байланысы “Борт журналы” әдісі арқылы алынды. Семинар соңында қатысушылар магистрлерге өздерінің ізгі тілектерін білдіріп, сабақ қызықты да тартымды болғанын ерекше атап айтты. Айтулы әдіс-тәсілдерді іс жүзінде қолданғанына, алуан түрлі ойындармен жеңіл жеткізілгені қатысушылардың көңілін серпілтіп, оқытушылардың айтуынша, сыни ойлау тек жеке өмірде ғана емес, жұмысқа орналасу барысында да маңызды рөл атқарады. Сондықтан бұл дағдыны студенттерге

ерте кезден үйрету қажет екенін ескертті. Практикалық бөлімде қатысушылар нақты өмірлік жағдайлармен танысып, олардың түрлі сипаттарын сыни тұрғыдан талқылады. Бұл тренингтерде білім алушылар аналитикалық ойлау, мәселелерді шешу, ақпаратты сараптау және өз пікірлерін дәлелді түрде жеткізу дағдыларын жетілдірді.

Семинар барысында бірқатар мысалдар келтіріліп, сыни ойлау әдістерінің оқу үдерісінде қалай қолданылатыны туралы айтылды. Мысалы, оқытушылар студенттерді өз бетімен зерттеу жұмыстарын жүргізуге, ғылыми жобаларды қорғауға және әдеби материалдарды сыни көзбен қарауға үйрету керектігі айтылды. Сондай-ақ сыни тұрғыдан ойлаудың білім беру жүйесінде шығармашылық қабілеттерді дамытуға ықпалы зор екені атап өтілді.

Гүлнұр ИСАЕВА, Халықаралық Нордик университетінің магистрі.

Құрылыс саласында

ҚАУІПСІЗ ЛИФТ ПЛАТФОРМАСЫ

Жуырда Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінің Министрлер Кабинетінің, Өнеркәсіптік, радиациялық және ядролық қауіпсіздік комитетінің, Құрылыс және үй-жай коммуналдық шаруашылық министрлігінің, Техникалық реттеу агенттігінің және басқару органдары өкілдерінің қатысуымен “Халық шаруашылығында лифттерді пайдалану мәселелері” тақырыбында баспасөз конференциясы өтті.

Өнеркәсіптік, радиациялық және ядролық қауіпсіздік комитеті жалпы бөлімінің басшысы О.Джурбаев Үкіметтің тапсырмасына сәйкес, есеп беру комиссиясы республикамыздағы көпқабатты үйлер мен басқа да адам көп шоғырланатын нысандардағы лифттерді пайдалануды зерттеп, зерделеу және талдау нәтижесінде азаматтардың көлікті пайдаланудағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында лифтер, республикада шығарылатын және әкелінетін лифтердің мемлекеттік стандарттарға және қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін бақылау үшін жүйе бірқатар мәселелер бар екенін атап өтті.

2022-2024 жылдар аралығында республикамызға әкелініп, пайдалануға берілген көпқабат-

ты үйлерге 983 лифт орнатқан ұйымдар құрамалау жұмыстарындағы ақауларды жоймағаны, 102 лифт орнатуды жұмыстары аяқталмағанына байланысты сәйкестік сертификаты берілмеді. Осы жағдайға байланысты республика бойынша лифт құрамалаумен айналысатын ұйымдарды лифт құрамалау және жөндеу ұйымдарына жұмыстарындағы ақауларды жедел жою, орнату сапасына жіті назар аудару талабы бойынша оқыту және профилактикалық оқыту жұмыстарын жүргізіп, мемлекеттік реестрге енгізу және белгіленген тәртіпте пайдалануға беру жұмыстарын жеделдету мақсатында семинарлар ұйымдастырылғаны да айтылды.

Құрылыс және үй-жай коммуналдық шаруашылық министр-



лігінің жауапты қызметкері Х.Шодиевтің айтуынша, Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің “2021-2027 жылдары республикадағы көпқабатты тұрғын үйлердің лифт жабдықтарын жөндеу және жаңартуға қатысты қосымша іс-шаралар туралы” жүргізіліп, Министрлер Кабинетінің қаулысымен нормативтік құжаттар бойынша көпқабатты үйлердегі лифтерде мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру, оны пайдалану кезінде бақылау міндеті жүктелген. Атап айтқанда, республи-

ка бойынша 4 мың 427-ден артық көпқабатты үйлерде 11 мың 428 лифт бар, оның 11 мың 70-і адамдарды, 358-і жұқ малдауға арналған. Үкіметтің жоғарыда аталған тиісті қаулысына сәйкес, пайдалану мерзімі өткен және ескірген лифт жабдықтарын жаңарту және жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бекітілген бағдарлама негізінде 2021-2023 жылдары 1 мың 686 лифт жаңартылып, жергілікті бюджет қаражаты есебінен 84 лифт жабдығы жөнделді. Сонымен қатар 2024 жылы жергілікті бюджеттен 186 688,2

миллион сум қаржыға жалпы 528 лифт техникасы жаңартылады. Бұл ретте көпқабатты үйлерде лифт жабдықтарын тиімді пайдалану, оларға техникалық қызмет көрсету мен қауіпсіз пайдалану мәселелерін

Мектепке дейінгі білім беру

ПЕРЗЕНТТЕРІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ ЖОЛЫНДА

Бүгінде үздіксіз білім беру, еліміздің болашағы өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімімен және тәрбиесімен өлшенеді. Ал оларға білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек қателеспейміз. Өйткені барлық білімнің бастауы – балабақшада болып, бүгінде мектеп жасына дейінгі балаларды толық қамтып алу мәселесі мемлекеттік саясаттың ажыралмас бөлігі болып отыр. Сол талапқа сай еліміздің жер-жерлерінде заманалық тәлім-тәрбие мекемелері құрылып, онда көптеген бүлдіршіндеріміз тәрбиеленуде.

Қарақалпақстан Республикасы Кегейлі ауданы “Жүзім бақ” ААЖ-да тұрғындардың балаларын бақшамен қамтып алуға деген ниетін білдіріп, шабуыл үшін ауыл тұрғындарына мектепке дейінгі білім беру мекемесі қажет еді.

Бұл дилігерлік мемлекет басшысының арнаулы қаулысымен өз шешімін тауып, жалпы құны 4,6 миллиард сум қаржы негізінде ауылда 90 орындық бала-лар бақшасы ғимараты жанадан бой көтерді. Қазірде бұл бақша пайдалануға тапсырылу қарсаңында тұр.

Сондай-ақ Әмудария ауданы “Айбек” МАЖ аумағында “Хусния” беймемлекеттік мектепке дейінгі мекеменің құрылыс істері аяқталып, пайдалануға тапсырылды. Президенттің

“Мектепке дейінгі білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру және дамыту іс-шаралары туралы” қаулысына орай 3 миллиард қаржы есебінен құрылып, балаларымыз үшін барша заманалық жағдайлар жасалған.

Тактәкіп ауданы орталығынан шалғайда орналасқан “Дәуқара” ААЖ-дағы мектепке дейінгі тәлім-тәрбие мекемесінде тәрбиеленуші балалар үшін қолайлы жағдайлар жарату мақсатында қайта жөндеу жұмыстары жүргізілді.

140 орындық мектепке дейінгі білім беру мекемесі ғимаратының жөндеу жұмыстары үшін 4,3 миллиард сум қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары аяқталды. Ауыл тұрғындары мен балабақша тәрбиеленушілерінің қуаныштары шексіз.

Жанұялық бизнес — заман талабы

ШЕБЕРХАНА КӘСІПОРЫНҒА АЙНАЛДЫ

Қарақалпақстан Республикасында қазірде теріні қайта өңдеумен айналысатын 15-тен астам кәсіпорны бар. Аталмыш кәсіпорындардың бірі Нөкіс қаласындағы “Туран” МАЖ аумағында жұмыс жүргізуші “АҒК SHARM NUKUS” жанұялық кәсіпорны саналады. Кәсіпорын бастығы, Сауда өнеркәсіп палатасының белсенді мүшесі Азатбай Бекімбетов, ол өз жұмысының 2018 жылдан бастаған.

— Алғаш аяқ киімдерді жөндеу шеберханасын ашып, өз жұмысымызды бастадық. Бүгінде белғарыдан ер адамдардың аяқ киімдерін тігумен де шұғылданып жатырмыз. Сапалы былғары материалдарын Ташкент қаласы мен Әндіжан облыстарынан әкелеміз. Өз қаржыларымыз есебінен сатып алған 2 арнаулы тігін машиналарымен сапалы галош, мәсі және кроссовкалар, басқа да ер адамдар үшін арнаулы аяқ киімдерді даярлаймыз. Қазірде тапсырыстарымыз бен тұтынушылардың саны күн сайын артып баруда, — дейді кәсіпорын басқарушысы Пірлепес Бекімбетов.

Қазірде кәсіпкер 4 азаматты тұрақты жұмыспен қамтамасыз еткен. Алдағы уақытта өзінің жеке брендіне негіз салып, жаңа техникалар әкелу арқылы бизнесін одан әрі дамытуды мақсат еткен.

Адам мүддесі үшін

МАХАЛЛАДА ЖАҢА КӨПІР

Өрбір махалладағы өзгерістер халықтың әл-ауқатты жасауын жақсартуды қамтамасыз етеді, сондықтан бұл бағытта махалла жетілігінің орны ерекше.

Махалла жүйесі халықтың өтініштеріне қарай аумақтардағы дилігерліктерді шешуде белсенділік көрсетуде. Қарақалпақстан Республикасының Беруни ауданындағы “Мустақил-лик” махалласындағы “До-стық” ауылында көпір көп жылдардан бері қайта жөндеуге мұқтаж болып қалған еді.

Президент бастамасымен мүлік салығынан түскен табыстың 10 пайызы махаллаларда қалдырылуы белгіленген еді, енді қара-

жаттар есебінен көпір жа-надан құрылды.

Жауа жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етумен халықтың алыс жолын жақындату мақсатында жаңадан құрылған көпір үшін ауыл халқы өте риза болды. Сондай-ақ махалла жетілігінің бастамасымен ауылда “Махалла бағы” жаратылып, сәндік ағаш-тар егілді.

Тілеухан ШӘМЕКОВА,
“Нұрлы жолдың”
меншікті тілшісі.

Профилактика шаралары аясында

ТЕМІРЖОЛ ҚЫЗМЕТІ РЕТТЕЛУДЕ

Аптаның әр бейсенбі күні Науаи облыстық Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету басқармасы қызмет көрсететін әкімшілік аумақта “Құқықбұзушылықтың алдын алу күні” іс-шаралары тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Іс-шараға жұмылдырылған басқарма қызметкерлері қызмет көрсету аймағы саналған “Тинчлик — Кермене — Кенимех” вокзалының бірінші шақырымынан елуінші шақырымына дейін және “Үшқұдық-1 — Қызылқұдық” станциясы арасындағы 227 шақырымнан бастап 4 топқа бөлінеді.

290 шақырымға дейінгі теміржолда алдын алу шаралары жүргізілді. Іс-шара барысында қылмыстар мен құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында Науаи, Кенимех, Қызылтөбе, Маликабад, Үшқұдық-1, Қызылқұдық вокзалдары, Зиявуддин теміржол дистанциялық кәсіпорнына қарасты 12,-13- желілерде, Вагондары қалпына келтіру орталығы мен теміржолға жақын маңдағы тұрғындардың үйлерінде профилактикалық кездесулер ұйымдастырылды. Азаматтарды ескерту үшін 250 парақшалар таратылды. Теміржол маңында төрт түлік малды дұрыс бағу талаптары мен тұманды ауа райында балаларды қараусыз қалдырмау қажеттілігі жайлы түсіндірме істері атқарылды.

Надыр ЭРНАЗАРОВ,
Науаи облыстық Транспорт және туризм нысандарында көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету басқармасының қылмыстық іздестіру бөлімінің жедел өкілі, капитан.

* * *

Науаи облыстық Транспорт және туризм нысандарында көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету басқармасының қызметкерлері теміржол маңында қылмыстар мен құқықбұзушылықтардың алдын алу, теміржол маңында мал бағуға жол бермеу, теміржол қауіпсіздігі ережелерін сақтау мақсатында бірқатар профилактикалық іс-шаралар жүргізуде. Осыған қарамастан, теміржол маңында азаматтардың қараусыз мал қалдыру фактілері байқалады. Мысалы: 2024 жылдың 2 декабрь күні сағат 07:30-да Науаи облыстық Көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету басқармасына телефон арқылы “Тинчлик” локомотив депосының кезекшісі Н.Уразов 4001 жүк пойызы 173 қашықтықтағы 2 шлагбаумда 1 бас жылқыны соққан хабарлайды. Зарафшан қаласы Дауғыстау азаматтар жиыны тұрғыны Нұрназаров Жандос Қадырбек ұлына тиесілі қараусыз қалған жылқыны өлтіргенін хабарлады. Жауаптыларға қатысты Әкімшілік жауапкершілік туралы кодексінің 113-бабының 2-пункті бойынша әкімшілік айыппұл салынды.

Жавохир ЮЛДАШЕВ,
Науаи облыстық Транспорт және туризм нысандарында көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету басқармасының бас маманы, подполковник.

* * *

28 ноябрь күні сағат 00:05-те Науаи облыстық Транспорт және туризм нысандарында көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету басқармасына профилактикалық қызметтен ақпарат келіп түсті. Одан кейін өткен жылдың 27 ноябрьінде сағат 18:45-те Науаи облысы, Қизилтепа ауданы, Ақсоч МФК, Қизилтепа вокзалының маңында орналасқан Азиза Ахмадованың азық-түлік дүкеніне профилактика-ка инспекторлары кірген кезде, оның дүкеніндегі тона-зытқышта Қырғыз Республикасында өндірілген 18 қорап “НОВЫЙ ВИК” пиротехникасын заңсыз сақтап жүргені анықталды. Азаматша А.Ахмадоваға қатысты Әкімшілік жауапкершілік туралы кодексінің 1851-бабына сәйкес әкімшілік жаза қолданылды.

Фарход САФАРОВ,
Науаи облыстық Транспорт және туризм нысандарында көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету басқармасының қызметкері, майор.

Нәтиже

ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫ ПРОКУРАТУРА БАҚЫЛАУЫНДА

Тамды ауданында отын-энергетикалық ресурстарды пайдалану мен энергия ресурстарын үнемдеуге мемлекеттік бақылауды ұйымдастыруға байланысты аудан прокуратурасы ауқымды жұмыстарды атқаруда.

Бүгінгі таңда энергетикалық ресурстарға сұраныс көбеюіне орай саланың жай-күйін талдау, аймақта тиімді, ресурстарды үнемдейтін және экологиялық қауіпсіз экономикаға қамтамасыз етуге байланысты проблемаларды бар екенін көрсетеді. Өзбекстан Республикасы Президентінің осы салаға қатысты қаулысының орындалуы аудан прокуратурасы мен салаға жауапты мекемелер тарапынан ерекше бақылауға алынды. Атап айтқанда, 2024 жылда өңірлер мен секторлар бөлімінде энергия үнемдеу бағдарламалары мен энергия балансы әзірленіп, оларды ай сайын қамтамасыз ету бойынша мақсатты шаралар белгіленді.

Саланың қызметіне бақылау күшейтіліп, бақылау іс-шараларын тиімді ұйымдастыру және энергия тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында (электр энергиясы бағытында) аудан бойын-

ша 39 шаруашылыққа 0,1 МВт, әлеуметтік саланың 17 нысанына 3 МВт бөлінді. Бір шағын және ірі кәсіпорындарға күн батареяларын орнату арқылы электр қуатын үнемдеуге мүмкіндікке ие болды. Бүгінгі таңда 14 үйге жалпы қуаты 51 кВт/сағ күн батареялары, әлеуметтік саланың 8 нысанына жалпы қуаты 1600 кВт (79 пайыз) күн батареялары орнатылды. Аудан бойынша 6 шағын кәсіпкерге қуатылығы 900 кВт/с болатын күн батареясын орнату арқылы 1 жылда 21 мың кВт электр қуатын үнемдеу жоспарлануда. Сондай-ақ аудандағы бір кәсіпорынға реактивті қуатты компенсациялау құрылысын орнату арқылы 1 жылда 100 мың кВт электр қуатын үнемдеу жоспарланып отыр. Аудандағы электр беру желілері мен трансформаторлық пункттерді мінсіз және ағымдағы жөндеуден өткізу арқылы жүйелік ысырапты азайту арқы-

лы 1 жылда 700 мың киловатт электр энергиясын үнемделді.

Аудан бойынша 10 трансформатордағы сақтандырылғандық орнына орнатылған сым қосқыштарын ауыстыру арқылы 1 жылда 200 мың киловатт электр энергиясын үнемделіп, барлық сым қосқыштары толығымен ауыстырылды. Аудан прокуратурасымен Өзбекстан Республикасы Президентінің “Отын-энергетика саласында мемлекеттік бақылау механизмдерін жетілдіру және “Сандық энергетикамыз бақылау” жүйесін енгізу туралы” тапсырмасын тұрақты орындап, аудандық штабта энергия ресурстарын заңсыз пайдалану фактілерін анықтау, заң бұзушылықтар үшін жазаның бұлтартпас-тығын қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды. 2024 жылдың басынан бүгінге дейін барлығы 48 290 миллион 921 мың сум электр энергиясын заңсыз пайдаланылуына қатысты істер анықталды. 48 заңсыз іс бойынша 3 қылмыстық іс, 43 әкімшілік іс қозғалып, 233 миллион 441 мың сум залалдың толық өндірілуі қамтамасыз етілді.

Л.КОМИЛОВ,
Тамды ауданы
прокурорының көмекшісі.

жағдайда жүзеге асыру бойынша ұсыныстар берілді.

КЛАСТЕРДІҢ ЖАҢА ҚУАТЫ ІСКЕ ТҮСІРІЛДІ

Жаңа жыл мейрамы қарсаңында Бандикон ауданындағы “Bandixon agroklaster” мақта-тоқымашылық кластерінің жаңа кәсіпорны пайдалануға тапсырылды.

Аталмыш жаңа қуат жасанды талшық араласпа келебе-жіп өндіруге маманданған. Жобаның жалпы құны 18,4 миллион долларға тең болып, оның орындалуының нәтижесінде 300 жаңа жұмыс орны ашылды. Кәсіпорын кластер тарапынан жүзеге асырылып жатқан “кәсіпорын тізбегі” жобасының екінші басқышы саналады. Оның бірінші басқышында 150 жұмыс орнына ие мақтаға алғашқы өңдеу беру кәсіпорны іске түсірілген еді. Кәсіпорынның ресми ашылу рәсіміне Сұрхандария облысының әкімі Улуғбек Қосимов қатысып, тұрғындардың жұмысбастандығын қамтамасыз ету мен аудан экономикасын дамытуға белсенді қатысып жатқан кластер қызметіне сәттілік тіледі.

(Өз тілшімізден.)

Мақтаныш

ЕҢ ҮЗДІК НӘТИЖЕ

Балауса балалық шақтан есейген, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны ажырата білген шаққа дейін келіп қалыппыз. Кеше ғана мектеп оқушысы болып ұстазымыздан әліппені үйренген, есеп-қисапты саусақтарымызбен елестеткен кездерден өтіп кеткенімізді де байқамай қалыппыз. Балалық кезеңдердегі шынайы күлкі, шынайы бақыт не екенін түсінген сәттегі қазіргі студенттік өмірдің зымырап өтіп жатқа-ай!

Ауялы ұямыздан ұшып студент атауына лайық болайық, университет, сессия, лекция қандай болатынын білейік дегенше де біраз ғана уақыт өткендей-ақ еді. Қазір студент болып, қала берсе, ол кезеңнің соңынан қадам басып жатырмыз. Ең алғашқы бірінші курсқа келдім дегенше қызықтарды айтсаңшы, қандай қызық сәттердің баспадағы өтіп кетті. Университетте оқымыз, 1-семестрді аяқтадық деп, сессия деп бас қатқан жана орта, жана қоғам, жана ұстаздар мен жана өмірге бейімделген сәттер әлі көз алдымыздан бір елі кетер емес. Студент болудың да өзіне жараса қызығы мол екен. Ең қызықты, есте қалатын күндерің сенің ересек жаста болған күндерің. Сол кезде сен не бала емессің, не қарт емессің. Сен студентсің! Жылдар өте білімің артады, көзқарасың өзгереді және өмірге шыңдалып өсе бересің. Студенттік өмір ең керемет кезең екенін есейе келе түсінеді екен адам. Қызығы мен шыңығына толы күндеріміз күн сондай азайып келе жатқан сәттерде университеттің ең үздік студенттерін тілге тиек етпесем болмас.

*Құтты болсын — жаңа атақ екіні,
Жаңа тарих — жойды барлық ескіні.
Қос студент шықты бірдей жеңіске,
Тие берсін бар қазаққа септігі.*

*Өзбек-қазақ достығының сәлемі,
Жаратқаның несібесі — әуелі.
Науашың атындағы дәреже —
Неше жылдық көп еңбектің дәлелі.*

*Құттықтаймыз екі жарық жұлдызды,
Сыйлы болған, қоғам үшін нұр жүзді.
Артынан ере берсін ақ жолмен,
ААбдурахманова, ДШиринбеков секілді.*

*Жаңа жылға көп қазаққа сый болды,
Арман өткен шәкірттерге жол болды.
Жаңа дәуір туан тіккен екі жас —
Дара, дана ел сыйлаған жыр болды.*

*Олар жолын — жаңа, ізгі жол дейміз,
Қателерін ашық айтпай, жөндейміз.
Болашақта еңбегіне мол табыс,
“Сүрінбей, жетсін”, — деп тілек тілейміз!*
2021 жылы жана қоғам мен жана ортаға қадам басқан Әсем Абдурахманова студенттіміз қазіргі күнге дейін талмай еңбек етіп, көпке үлгі болып келе жатыр. Ең алғаш студент болғаннан өзінің зерек, ой шақырлығымен белсенді болып топтан жарық жұлдыздай жарып шықты. Университетте көптеген іс-шараларға қатысып, жүлделі орындар иеленді. Айта кетерлік жайт, Қазақстан Республикасын-



да өткен Рахметолла Райымқұловтың 110 жылдығына арналған “Қос елдің қыран тұлғасы” атты халықаралық байқауда жүлделі 1-орынды алып 500 мың теңге иелді. Және білім ізнен талмай жылдан-жылға көптеген байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленіп келеді. Әсем көптеген шараларға белсенді қатысып, оқуда да озаттық таныта келе 2024-2025 оқу жылында мемлекет тарапынан тағайындалған Науаи атындағы стипендия иегері атанып отыр.

Осы орайда өзінің шығармашылығымен көпке өнеге бола білген Дастан Ширинбековтың да еңбегі көпке танылған. Дастанның топ ішіндегі белсенділігі, оқуға озат, білімге құштарлығы да бүгінге дейін өз дәрежесін көрсетіп келеді. Көптеген іс-шараларда шығармашылығымен көзге түсіп, ғылыми жұмыстарымен діндеген мақсаттарына жетіп келе жатқан жастар орны биік жерден көрініп-ақ тұр. Дастанның 2024-2025 оқу жылында ғылыми жұмыстары және ақындық шығармалары арқасында оқуда озат, мәдени ортада белсенділігімен Науаи атындағы мемлекеттік стипендия иегері атанды.

Мұндай жеңістің арқасында алға жетелеген ұстаздың орны өте ерекше, оқуға келгеннен, бітіргенге дейін өзінің бағыт-бағдарын көрсетіп келе жатқан Әсербай Байкабылов пен Жандос Байзақовқа айтар алғысымыз шексіз. “Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға”, — дегендей, барлық мамандықтардың ұстазы, баспадағы мұғалім. Осы ұстаздар әр студентке жеке тұлға ретінде қарап, білімін, ақыл-бойынша жалықпай беріп келе жатқаны көбімізге мәлім. Сол үшін де біз, шәкірттердің ең мықтысы болмасқа та, сіздер қоғамның ең ең күштісізсіз ұстаздар.

**Әсем СЫРЛЫБАЕВА,
Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің студенті.**


Бүгінде Науаи облысы Өзбекстанда отау киіз үй лагері мен сафари-туризм нысандарының орналасу көлемі мен саны бойынша бірінші орында тұр. Бүгінгі таңда облыста барлығы 855 орындық 7 жазғы демалыс орны жұмыс істейді.

Кенимех ауданында бүгінде Өзбекстандағы алғашқы сафари туризм кластері бір мезгілде 500 саяхатшыға қызмет көрсетеді. Шетелдік қонақтар бір мезгілде 30 отауы бар 2 гектарлық сафари туризм орталығында демала алады. Осы мақсатта Кенимех ауданы әкімдігі мен Науаи облыстық Туризм басқармасы ауданның шөлейт және шөлді аймақтарында шөл туризмін жолға қоюдың қолда бар мүмкіндіктерін тиімді пайдалануда.

Атап айтқанда, биыл аудан бойынша 35 миллиард сумдық қаржы бағытталған екі ірі туристік нысан мен жазғы отау лагерлері ашылды. Атап айтқанда, жанадан құрылған “Yurt Camp Sputnik Navoi” орталығы саяхат-

Жыл қорытындысы

КЕНИМЕХ АУДАНЫНДА ТУРИЗМ ДАМУДА



шыларға қызмет көрсетуде.

Аудандағы туристік орындарға 40 мыңнан астам жергілікті саяхатшы, 12 мыңнан астам шетелдік саяхатшылар келді. 2024 жылда “Жанақазған” ауылдық азаматтар жиынында туризм саласында болашағы зор жобаларды іске қосу арқылы жана жұмыс орын-

дары ашылды. Сондай-ақ Дубай әмірі, БАӘ Премьер-министрі және вице-президенті шейх Мұхаммед бин Рашид Әл Мактұмның бастамасымен Кенимех ауданындағы “Жанақазған” ауылдық азаматтар жиынында шөл жыртқыш құсын аулайтын және сақтау орталығы жұмыс істеуде.

**Гүлдана ТӨРЕХАНҚЫЗЫ,
Науаи облысы,
Кенимех ауданы.**

Құндылық

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ДАРАЛЫҒЫ

Өте ерте заманда еңбек үдерісінің дамуы нәтижесінде бейнелеу өнері пайда болды. Еңбек үдерісінде адамның ой-өрісі жетіліп, әсемдік сезімі артты, нағыз сұлулық, жайлылық, талғам ұғымдары кеңейді. Таптық қоғамның пайда болуымен қоғамдық дамуда үлкен өзгерістер болды; ой еңбегі дене еңбегінен бөліне бастады. Бұл ғылым мен өнердің дамуында маңызды болды.

Осы кезеңде кәсіби өнер мен суретшілер пайда болды. Ал өнер үстем таптың идеологиясын насихаттайтын, өзіндік сипатын, тапшылығын танытатын қуатты идеялық қарауға айналды. Бірақ соған қарамастан, қалың бұқараның арасынан шыққан дарынды суретшілер еңбекші бұқараның арман-тілегін, олардың сұлулық пен өзімшілдік, тектілік пен адамгершілік туралы ұғымдарын білдіретін шығармалар тудырды.

Шығармаларында халықтың тұрмысы, дүние-мүлкі мен әдет-ғұрпы, жетістіктері мен жеңілістері көрініс тапты. Әр дәуірде болған өнердің бұл түрі өмірдің әсемдігін бейнелеп, адам бойында биік сезім мен қасиеттерді дамытып, теңдік, еркіндік, бауырмалдық жарқын болашаққа ұмтылуға үндеді. Шын мәнінде, адамзат жасаған мәдени құндылықтар қарапайым байлық қана емес, сонымен бірге адамның ақыл-ойын, өмір туралы ойларын көрсететін айна. Дүниежүзілік өнердің тарихын зерделеу, оның даму

зандылықтарын түсіну, көне ескерткіштермен танысу, өткен дәуірдегі адамдардың эмоционалды өмір тәжірибесін зерделеу — идеялық-эстетикалық көзқарастардың қалыптасуын білу деген сөз. Бұл адамдардың өмірлік тәжірибесін байытуға және өмірге кеңірек және жан-жақты қарауға көмектесетіні сөзсіз.

Бейнелеу өнерінің түрлеріне кескіндеме, графика және мүсін жатады. Кескіндеме бейнелеу өнерінің ең маңызды түрлерінің бірі, арнайы қабырғаларға қолданылады. Бейнелеу және қолданбалы өнер туындыларында айтылған мақсат пен мазмұнды ашуда тұс маңызды рөл атқарады. Бейнелеу өнерінің көптеген түрі бар, суретшілер өз шығармашылығында түрлі жанрлар мен бағыттарда туындылар жасаған. Оның ішінде: Академизм — академиялық стильге қатысты көркемдік бағыт. Автопортрет — суретшінің өзінің портреті. Бұл жағдайда суретші де, об-раздағы адам да бір адам. Абстракционизм



— абстрактілі өнер туындыларын қамтитын өнер бағыты. Авангард — XX ғасырда пайда болған жана формаға, стильге, әдіске және басқа да көрнекі құралдарға негізделген ойлап табу және іздеу. Натурализм бейнелеу өнерінің бір бағыты, ол бейнеленген заттардың сыртқы түрін алдымен бейнелеуді және пішінді көшіру арқылы сыртқы кескінді тікелей бейнелеуді мақсат етеді.

Ежелгі дүние кезеңінде сәулет өнері, мүсін өнері, қабырғаларға бейнелі кескіндеме өнердің кең тараған және өзіне тән түрлеріне айналды. Өзбекстанның ежелгі бейнелеу өнерінің сюжеттік негіздері бір болғанымен, әр өңірде түрліше түсіндірілді. Мұнда Хорезм өнері бірегей болып, буддистік тақырыптардағы ерекше композициялық жоспарлары бар шығармалар сирек кездеседі.

**М.ЖОРАЕВ,
Камалиддин Бехзод атындағы
Ұлттық кескіндеме және дизайн институтының студенті.**

Тәрбие — ортақ қазына

БОЛАШАҚ САПАЛЫ БІЛІМДЕ

Бала — болашағымыз, ал университет — сол болашаққа ашылған алтын қақпа.

Бүгінгі ең басты қажеттіліктерінің бірі — мектепке дейінгі сапалы тәлім-тәрбие беру жүйесін қалыптастыру. Заманауи мектепке дейінгі білім беру негізін қалаушы оқу орны — Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті. Университеттің болашаққа қосатын үлесі — бұл тек оқу орны ғана емес, ол болашақ ұрпаққа арналған іргетас. Университет тек білім беріп қана қоймай, қоғамның қажеттіліктеріне жауап бере отырып, әлеуметтік жобаларды жүзеге асырады және көмекке мұқтаж ерекше балаларға арналған бағдарла-

малар жасау немесе ауылдық аймақтардағы балаларды оқытуды көздейді. Баланың когнитивтік дамуы, эмоционалдық интеллектісі мен әлеуметтік бейімделуі туралы заманауи зерттеулер жүргізу — университеттің басты бағыттарының бірі. Бұл зерттеулер мектепке дейінгі білім беру саласына жана стандарттар мен бағдарламалар енгізуге негіз болады. Мұнда даярланған мамандар балабақшаларда жұмыс істеп қана қоймай, білім беру жүйесін жетілдіруге белсенді қатысады. Баланың болашағын қалыптастыруға қажетті ре-

сурстар мен жағдайларды ұсынады. Мұнда студенттер білім беру саласының барлық қыр-сырын меңгеруге мүмкіндік алады, заманауи университеттің кампусы тек оқу үдерісіне арналған емес, сонымен қатар тәжірибелік алаң ретінде де қызмет етеді. Балабақшаларға арналған заманауи үлгідегі оқу сыныптар, робототехника зертханалары, виртуалды симуляторлар, интерактивті тақталар мен цифрлық құралдар болашақ тәрбиешілердің заман талабына сай инновациялық тәсілдерді меңгеруіне мүмкіндік береді. Өйткені дәл осы кезеңде баланың дүниетанымы, интеллектісі және жеке тұлғалық қасиеттері қалыптасады. Заманауи Шыршық мемлекеттік педагогикалық білім

беру университеті — бұл болашақ мамандарды оқытып, қоғамның ең құнды байлығы — балалардың дамуына ықпал ететін ерекше оқу орны. Университеттің заманауи артықшылығы, баланың болашағына жауапты мамандар. Мектепке дейінгі білім беру саласы педагогтардың кәсіби білігін ғана емес, олардың балаға деген махаббаты мен жауапкершілігін талап етеді. Университетте мамандарды даярлаудың басты мақсаты — баланы қоғамға бейімдеу, оның әлеуметін ашу және тәрбиелеу. Мұндай мамандар: баланың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған әдістерді біледі; эмоционалдық интеллектіні дамытуға ерекше назар аударады; баланың жеке өмірін құрметтей

отырып, ортаға бейімделуіне көмектеседі. Заманауи университет дәстүрлі әдістемелер мен озық технологияларды үйлестіре отырып, келесі бағыттарды ұсынады. Яғни балабақшалардағы білім беру сапасын арттыру, бала тәрбиесінде жана стандарттарды қалыптастыру, қоғамның білім беру мәдениетін көтеру, сондай-ақ практикаға негізделген білім.

Университет базасында балабақшаларға арналған арнайы тәжірибе алаңдары ұйымдастырылған. Мұнда студенттер теорияны тәжірибемен ұштастырып, балалармен жұмыс істей алады. Университет балалар психологиясы мен философия саласында ғылыми-зерттеулер жүргізеді. Бұл нәтижелер мектепке дейінгі

білім берудің жана стандарттарына жасауға негіз болады. Университетте тек мамандыққа қатысты білім беріп қана қоймай, сонымен қатар тәрбиешілердің коммуникативтік дағдылары мен көшбасшылық қасиеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Халықаралық серіктестік: заманауи университет шетелдік яғни көрші Қазақстан Республикасы Мұхтар Әуезов атындағы мемлекеттік оқу орындарымен бірге жұмыс істейді. Бұл студенттерге әлемдік деңгейдегі білім мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Болашаққа деген инвестиция: университет қоғамның тұрақты дамуының негізі — білікті мамандарды даярлап, олар арқылы балалардың сапалы тәрбие алуын қамтамасыз

етеді. Балалардың шығармашылық қабілеттері мен логикалық ойлау қабілеті ерте жастан дамиды. Әлеуметтік ортаға бейімделген эмоционалдық тұрғыдан тұрақты балалар саны артады. Білім беру саласында инновациялық стандарттар енгізіліп, еліміздің халқаралық деңгейдегі беделі артады. Заманауи мектепке дейінгі білім беру университеті — бұл қоғамның ең жас мүшелерінің толыққанды дамуын қамтамасыз ететін орны. Бұл оқу орны арқылы болашаққа инвестиция жасау — саналы, тәрбиелі және білімді ұрпақ қалыптастырудың келілі. Мұндай университеттерді дамыту арқылы мемлекетіміз білімді, бәсекеге қабілетті қоғам құру жолында тағы бір қадам жасайды.

**Айгерім ШОЛПАНОВА,
Шыршық мемлекеттік педагогика университетінің студенті.**

Нурлы жол
ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР:
Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі
Заң шығару палатасының Кеңесі, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Кеңесі және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті

Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ
Газет 2008 жылы 25 июльде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санымен тіркелген. Оффсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығады. Таралымы — 3678
Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылданбайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция қозқарасымен сөйкес келе бермейтінді ескертіледі. “Нурлы жолдың” материалдарын редакцияның келісімісіз көшіріп басуға болмайды.

Кезекші редактор:
Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА
Беттеуші-дизайнер:
Қайсар РАХМАНОВ
nurlitj2022@umail.uz
Мекенжайымыз:
Ташкент, ГСП, 100011. “Науаи” көшесі, 30-үй, 4-қабат.
Телефон: +998 55 510-04-64.
Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табақ. Бөлшек саудада еркін баға.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

“Шарқ” баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баснаханасында басылды. Кәсіпорнының мекенжайы: “Буюк Турон” көшесі, 41-үй.
Тапсырыс Г — 126.
Басуға тапсыру уақыты: 21.00
Тапсырылды: 20.00
1 2 3 4 5 6